Әділет

# Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма без пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 97 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 4650 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 128 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 17.08.2015 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 -бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Әкімдіктің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 236 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4396 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 қаңтарда " Біздің Торғай" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.С.

Бидашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *А. Кенжегарин*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Жангелдин аудандық мәслихатының хатшысы*

*__________________ С. Нургазин*

Әкімдіктің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 97 қаулысына қосымша

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлық ақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлық ақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мектеп директоры;

2) директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

3) директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

4) интернат меңгерушісі;

5) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;

6) барлық мамандықтар бойынша мұғалімдер;

7) әлеуметтік педагог;

8) педагог-психолог;

9) қосымша білім беру педагогы;

10) педагог-ұйымдастырушы;

11) тәрбиеші;

12) музыкалық жетекші;
13) аға жетекші, жетекші;
14) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
15) әдістемеші;
16) медициналық бике;
17) кітапхана меңгерушісі;
18) кітапханашы;
19) логопед;
20) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
21) хореограф;
22) өндірістік оқыту шебері.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:
1) директор;
2) мәдени ұйымдастырушы;
3) суретші;
4) кітапханашы;
5) әртіс;
6) режиссер;
7) әдістемеші;
8) библиограф;
9) көркемдік жетекші;
10) хореограф;
11) механик.

4. Ветеринария мамандарының лауазымдары:
1) мал дәрігері;
2) ветеринарлық фельдшер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК